

Бейбіт
ҚОЙШЫБАЕВ

Рух-Сары

V

Бейбіт Қойшыбаев

РУХ-САРАЙ

Танымдық
туындылар
топтамасы


Бесінші кітап

«Тәж» сериясы

Қостаған

Біз - қазақ ежелден...

Көрік



Алматы
2012

УДК 821.512.122 -94

ББК 84 Қаз - 7

К 60

*Қазақстан Республикасының Мәдениет және
ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитеті
“Әдебиеттің әлеуметтік маңызды түрлерін басып
шығару” бағдарламасы бойынша шығарылды.*

К60

Б.Қойшыбаев.

Рух-Сарай. Танымдық туындылар топтамасы.
5-кітап. – Алматы: ҚАЗАқпарат, 2012 – 572 бет.

ISBN 978-601-03-0128-3

«Рух-Сарай» танымды туындылар топтамасының бесінші кітабынан аталмыш деректі шығармалар циклінің «Тәж» сериясы бастау алмақ. Бұл кітапқа аталған желінің үш шығармасы енген. Оқырман мұнда түпкі ой ортақтығын білдіретін «Қостаған» деген атпен біріктірілген, тәуелсіздіктің алғашқы және қазіргі жылдарынан сыр шертетін көркем этюдтермен, ой-сана азаттығы ізденісінің жемісі іспетті «Біз – қазақ ежелден... Өзінді-өзің тану тәжірибесінен» атты көлемді зерттеу-толғаумен және «Көрік» публицистикалық хроникасымен танысады.

Кітап Отан тарихына бейтарап қарамайтын азаматтарға, көпшілікке арналған.

УДК 821.512.122

ББК 84 Қаз - 7

ISBN 978-601-03-0128-3

ISBN 978-601-03-0127-6 (жалпы)

©Қойшыбаев Б., 2012

«Тәж» сериясына кіріспе

Мен «Рух-Сарай» танымдық туындылар топтамасын жасау жолында еңбектеніп жүрмін. Мұным оқырманға жалпылама мәлім ғой деп ойлаймын. Дегенмен бір-екі сөзбен оның негізгі сипатын еске сала кетейін.

Бұл бір құдды байырғы және қазіргі өркениетті қол алыстыратын, алыс-жақын тарихты астастыратын топтама болмақ. Ол өзінің бейнелемек әлемімен қазақылықтың кәдімгі киіз үй сынды мәңгілік символын елестетуге тиіс. Топтама жобасында осынау елес-үйдің – жорымалы рухани ғимараттың – іргесі тәрізді «Топырақ» және оның қаңқасын құрайтын конструкция сынды «Кереге» мен «Уық», кереге басына байланған уықтар шаншылатын шаңырақ іспетті «Тәж» желілерінің шығармалары бар. Түрлі жанрмен тарихтың әр кезеңінен жазылған және жазылатын этюдтер. Солардың бәрі жұмыла келе, біртұтас «Рух-Сарай» полотносын сомдамақ. Сол арқылы бұл жоба оқырман санасына тың дерек-пайымдармен байытылған жаңа сезім егіп, ұлттық рухты жаңғыртуға қызмет етпек. Әзірге төрт томы шыққан танымды туындылар топтамасы хақындағы шағын ақпарат осындай.

Енді мен оқырманға осы бір ауқымды жоба сүйегінің шаңырағын құрайтын серия жайын баян етуге тиіспін. «Тәж» – жаңа заман этюдтерінен тұратын рух-кірпіштермен өріліп соғылатын ерекше шаңырақ болмақ. Желінің аты айтып тұрғандай, бұл шаңырақ – құдды бір бай да көркем зерімен, кеуде толтыра мақтануға тұратын нақышымен көз тартатын, яғни оқырманды отаншылдықтың тамырымен жалғастыратын, өміршендікпен, жасампаздықпен сусындатып, нәріне қанықтыратын, айналаға отансүйгіштік рухтың биіктігін паш етіп, мақтанышты сезім шашатын ғажайып тәжді бейнелейді.

Түсініктірек етіп айтқанда, «Тәж» желісімен елдіктің ерен қасиеттерін тұжырымдамақ танымды туындылар

топтамасының айрықша жиынтығы түзіледі. Мимырт тіршілікке көндіккен жалпақ жаһанды дүр сілкіндіріп, тағдырлы өзгерістердің, болашақ мемлекеттік тәуелсіздіктің хабаршы-белесі болған кезең және одан бергі бостан дәуір көріністері осы желі бойында жүйелеп ұсынылмақ. Олардың арасында ой-сана азаттығы мүмкін еткен, бұрын-соңды еркін жүргізіліп көрмеген түрлі ізденістердің кей жемістері де болады.

Тәуелсіздіктің жиырма жылдығы және аңсап жеткен тәуелсіздік пен тоталитарлық қасаң заман арасындағы өткелек іспеттенген қайта құру саясаты аясында өткен бес жыл – жиынтығы ширек ғасыр уақыт – қалам қайраткерлері үшін, сөз жоқ, сарқылмас зерттеу нысаны. Бұл шақ тек жаңа мемлекет құру кезеңі ғана емес, сонымен бірге, ұлттық сана-сезімнің шындап оянуы да. Осынау екі мыңжылдық тоғысында орын алған айтулы дәуір жұртқа замана талабына сай түйсініс әкелді. Осы уақыт кесіндісінде жаңа сана қалыптаса бастады. Сонылығымен тартымды таным қол бұлғады. Әркім өзін-өзі мазасыздана іздеуге кірісті. Тиісінше, осындай бағыттармен рухани күрес жүргізілді.

Тоталитарлық жылдарда қалыптасқан құндылықтар осы кезеңде түбірлі өзгеріске ұшырады. Көбі кей ретте байырғы бағасын жоғалтты. Алға басқа құндылықтар тартылды. Айрықша сезімді ұлт мүддесін күйттеушілер бастан кешті және күні бүгінге дейін кешуде.

Осылардың бәрі аталмыш серия туындылары көтеретін тақырыптар болмақ. Бұлар, баршамыз араласып жүргендіктен де, бәрімізге таныс, яғни кім-кімнің де жанды жеріне тиіп кетуі ықтимал этюдтерде көрініс табады.

Ұстараның жүзіндей қылпылдап тұрған, алмастай өткір мәселелер тоқылған туындылар «Тәж» безендірмесіне қадалған асыл тастардай көз ұялтып, оқырманын сырына бойлай қарауға шақырмақ. Ниет адал, мақсат айқын. Басқасын оқырманның өз пайымына қалдырамыз...

Автор.

Дұрысында – өзгермелі уақытқа әлдеқашан бейімделіп, қантөгіссіз ауызға түскен капиталистік құрылыстың алғы шебіне шыққан, ақша табудағы пысықтығы мен іскерлігі арқасында еліміздің келешегіне баланып жүрген жаңа буынмен қол ұстасуға ниеттендім. Жас кәсіпкерлердің бірін бері бұрсам, дәулетін жылтыраған алыс-жақын шетел әншілеріне шаша бермей, бір мезгіл енді ғана ояна бастаған ұлт мүддесін күйттеген ұлттық басылымды қаз тұрғызуға жұмсауына көндірsem деген ойға кеттім. Мәдениетке қарасқан бай адамның абыройы артады...

Өткінші жаңбыр төгіп өтіп, күн күлімдеп шыға келгенде – мен, ақыры, құрған жоспарымды жүзеге асыруға бет алдым. Жауын жуған жасыл желегі мен жолтабан және, әрине, ғимараттары жаңара көз тартып, еңсені көтерген бір ғажап шак. Көшемен жеңіл басып жүріп келем. Жұпар ауамен рахаттана тыныстаған сайын мақсатымның орындалуына санаулы-ақ сағат қалғанын қуана ойлаймын.

Қолтығымдағы портфелімде журналымның тіркелу құжаттарымен бірге бір жылдық ықтимал кіріс-шығысты тиянақтаған есеп-қисабым жатыр. Жалпы шығын мөлшері түнеугүні мәскеулік әртісті шақыруға жұмсалған қаржының оннан біріндей ғана болады деп жобалағам. Есесіне – одан күтілер қайтарым қандай десеңізші! Біздің қалам тербеуші ағайынға әкелер рухани серпілістің өзі неге тұрады... Ертен оқырман қолынан түспес сүйікті басылымға айналғанда – демеушіміз баршамызбен қатар рухани ләззат түйсініспей ме! Танымал журналға тікелей қатыстылығын сезініп, айдарынан жел есіп жүрмей ме!

Сапарымның табысты аяқталарына еш күдіктенбестен, оюлы биік шойын шарбақпен қоршалған тап-тұйнақтай екі қабат үйге келдім. Қакпадан өтіп, мәрмәр баспалдақпен көтеріле бердім.

Қарсымнан қызғылт ұлутаспен қапталған әдемі ғимараттың үлкен жарма есігінің бір қанаты ашылды. Сәнді ақшыл костюм киген ашаң жігіт көрінді. Маған қарап әнтек

бас изеді де, жылдам басқан қалпы, қасымнан шапшаң өте шықты.

Қызық, мені танығаны ма, әлде жәй сыпайылығы ма? Өзі мен қатарлы ма дедім. Бәлкім бұрыннан білерміз? Тек мен ұмытқанмын да...

Шынында, көрген тәріздімін...

Мыс тұтқаны ұстай бере артыма қайрылдым. Анау ғимарат іргесінен жартылай көрініп тұрған сұр машинаға қарай бұрылып бара жатты. Жыға танырлық айрықша ештеңе аңғарылмады. Мен ішке ендім.

Кіреберістегі кезекші үстелі жанында телефонмен түрегеп сөйлесіп тұрған москал кісі трубканы орнына қойып, менен жөн сұрады. Айттым. Жеке куәлігімді көрсеттім.

– Екінші қабатқа көтеріліп, оңға бұрылыңыз – коридор фирма президентінің қабылханасына тіреледі, – деді ол иегімен кілем төселген сатыны нұсқап.

Қазіргі заманғы офис жиһазымен жабдықталған кең де жарық қабылханада ешкім жоқ екен. Хатшы қыз, шамасы, бастығына кірген болу керек, орнында беті ашық әлдебір қалың дәптер жатыр, компьютері де өшірілмеген – қырын қойылған экраннан көгілдір сәуле байқалады.

Кірген бетте біраз тұрдым. Сосын іргедегі диванға жайғастым.

Тым-тырыс.

Папкамды тіземе алып, қағаздарымды бір қарап шықтым. Келтірер дәйекте мемді іштей жүйелеп, түрлі ықтимал сауалға орайластыра пысықтаумен әлі отырмын, әлі отырмын – хатшы қыз орнына оралар емес.

Мұндайда, бәлкім, бастықтың есігінен сығалап, кіргін келетінін сездіру әбес болмас? Мүмкін хатшысы қазір кеңседен бір жаққа шығып кеткен шығар? Тәуекел!

Фирма президентінің есігін имене тартайын. Саңылаулана бере байқасам – жарты метр әріректе екінші есік тұр. Сонда мен бергісін батылырақ аштым да, табалдырықтан

аяғымның ұшымен аттап, ішкісін жәйлап итердім, – адам бары сезілмейді. Ақырын басып кабинетке кірдім. Қолымды есіктің тұтқасынан айырмай, аң-таң қарап тұрмын. Іште тірі жан жоқ екен.

О, құдай, мен мына иесіз есікті күзетіп отырғанмын ба? Тіпті, бірден кіруге жүрексіндім-ау!

Кабинетті көңілім құлази назарладым. Су жаңа, супермодалы кеңселік дүние-мүлік түк әсер етпеді.

Мен шығуға ыңғайландым. Осы кезде төрдегі ағаш қабырғаның бір пұшпағы жылжып кеткендей болды. Таңырқай көз тоқтатқаным сол – қабырғадан ажыратылмайтын есік ашылып, сымдай тартылған сымбатты жас жігіт бермен қарай шыға келді.

– Сәлеметсіз бе... – дедім мен ақырын ғана.

Сымдай тартылған сымбатты жас жігіт әнтек селк ете түскендей болды, ізінше маған салқын жүзін жақтырмай бұрып, орысша тіл қатты:

– Сізге не керек еді?

«Менің амандасқанымды түсінбей қалған екен-ау», – деген ой келді маған. Сәлемімді орыс тілінде қайталадым. Бірақ анау бәрібір селт етпеді. Сәл кідірдім. Сосын артынша, сыпайы ғана:

– Мен фирма президентіне жолықсам деп едім... – дедім.

Сымбатты жас жігіт суық сарынмен немкеттілеу тіл қатты:

– Мен қазір қабылдамаймын.

Фирма президенті соның өзі боп шықты. Бірақ қазір қабылдамайды екен. Не дерімді білмедім. Өзінің хабарының мағынасын менің ұға қоймағанымды бажайлады білем, алдында қалшиып қатып тұрған маған «неғып кетер емессің?!» дегендей кескінмен бағжиып, әлгі мәлімдемесіне:

– Дүйсенбі күні түстен кейін келіңіз, – деген ымыралы сөзін қосты.

Даусынан сызаттап шыққан шытынаңқы екпін сезілді.

Өзіңнің жарты жасындай ғана баланың бұлай кісімсуі күтілмеген жағдай-тын. Бірақ соған күнің түсіп тұрса – қайтерсің енді... тыңдау ләзім де...

– Айып етпеңіз...

Әйтсе де, біршама бойым үйренген бе, әлде, алдағы дүйсенбіге дейін әлі бес-алты күн бары ойыма сап ете қалғандықтан ба, қалай... Әйтеуір, шығып кетудің орнына, оған қарсы беттеп, бірер кадам ілгері жүрдім.

– Менікі үш-төрт-ақ минуттық шаруа еді...

Осы кезде әлгі құпия есік тағы ашылды. Ішке талдырмаш сұлу қыз кірді. Ешқайсымызға да жүзін бұрмастан тез-тез, тық-тық басып, қабылханаға қарай өте берді. Фирма президенті терең тыныс алды.

– Ана бойжеткенге өтінішіңізді айтыңыз, – көзімен қабылдау бөлмесіне шығып бара жатқан қызды нұсқады. – Ол сізді тиісті адамдарға жалғастырады.

Әңгіме бітті дегендей, үміт артып келген президентім кері бұрылды. Дағарадай үстелін айналып барып, арқалығы төбе тіреген тақытына отырды. Отырған бетте, менің кабинетінде бар-жоғымда жұмысы болмайтынын көрсеткені шығар, телефонға жармасты...

Мен терең бір күрсініп, қолымды шарасыздана жайдым да, амалсыз шығар есікке беттедім.

Жаңа заманның жаңа тұрпатты жап-жас бастығы тап осындай төрешіл болар деп кім ойлаған. Қарнынның ашқаны емес, қадіріннің қашқаны жанға батады дегенді осындайдан айтатын шығар...

Еңсем түсіп кетті.

Сүйретіліп бастықтың бөлмесінен шыққанымда, маңызды кескінмен мониторға қадалып отырған әлгі қызды көрдім. Ол маған қарай мойнын маңғаз бұрып:

– Құлағым сізде, – деді, – қандай шаруамен келіп едіңіз?

Құдды менің өзіне жіберілгенімді біліп тұрғандай. Мен жанына тақалдым. Көзіммен отыратын орындық іздеп едім, жанында жоқ, тым алыста – қабырға жақта екен. Түреген тұрып шаруа айтуға тура келді.

– Мына бір жанадан шығатын журналға сіздің фирма

демеушілік жасар ма екен деген үмітпен келіп едім. – Папкамды ашып, құжаттарымды суырдым да, алдына қойдым. – Тым болмаса бір мәрте жәрдем берсе...

Хатшы қыз менің қағаздарымды қолына да алмады.

– Біз ондай іспен айналыспаймыз, – деді.

Менің құжаттарыма назар аудармастан, қырын қарап отырған калпы:

– Маңызды мәселе бастан асады, – дей салды.

Мониторға үнілді. Мен одан кешірім өтініп, өзімнің осында келуіме осы мекеменің мүмкіндіктерін білетін жұрттың кеңесі итермелегенін сездірдім. Оныма, бірақ, маған қайтып қарамастан өз шаруасымен шұғылданып отырған маңғаз қыз илікпеді.

– Қазір фирма балалар үйіне жәрдемдесуде, – деді жұмысы арасында немкетті үнмен, – бөгде сұраушылардың ешқайсысының тілегін қанағаттандыра алмаймыз.

Мен тәуекел етіп, фирма президентіне айтпаққа әзірлеп келген дәйектерімді суыртпақтауға көштім. Тәуелсіздік қалыптастырған жас іскердің ұлттық намысын оятпақ сөзімді түгелімен оның мына бәрін білгіш нәзік қыз-хатшысына табанды түрде, сеніммен айта бастадым. Екінші ана тіліміздің өзіме мәлім бай байлығымен мөлдір ете жеткізуге тырыстым.

Алайда фирма қожайынының есігі алдына бар шаруаны алдын ала сүзгіден өткізіп алу үшін қондырылған бұл нәзік қызыңыз темірдей қатты болып шықты. Компьюторде әлдене істеп отырған калпы, маған бір құлағын салып қана немқұрайлы тыңдап отырса да, әлсін-әлсін қысқа сөйлеп, мірдің оғындай өткір сөзін нысанасына дөп тигізіп қояды.

Сараң тіл қата тұрып, мен секілді тіленшіге етектегі орнын ұмытпауы жөн болмағын ескерткендей. Не көп – газет-журнал көп дейді мұрнын шүйіріп, – бәріне қалай көмектесерсің. Рас-ау, дегенмен талғап, таңдап жәрдем беруді ойға алған жағдайда... Не айтпағымды ұға қойғандай, сөзімді бөледі. Талғам деген де бар... Сосын мен секілді ақылсызға кеңес беріп те қояды. Өздерін өздері асырап

жүргендерден үйрену керек қой дейді. Менің қазақы намыс жыртпақ болғанымға мүлдем күле қарайды. Ұлттық басылым болса қайтейік деп иығын кикаң еткізеді. Тіліне карамау керектігін, елге қажеттілігін еске ұстау жөн болмағын, басылым біткеннің баршасы біздің тәуелсіз елімізде тең құқықты, соны ұмытпаудың дұрыстығын еске салады. Әдемі танауы қусырылыңқырап кетеді. Алалауға болмайды ғой...

Мұндай пайыммен келіспеу киын. Бірақ келісе салуға да дәтін шыдамайды. Ойымдағымды орағытып қайта қозғаймын. Сұлу да суық қызды өзімше қолпаштап қоям.

Иә, пікірі дау-дамайсыз оң... Жөн айтады, баспасөз базарына шығуға ұмтылған басылымдарды алалауға болмайды... Тек, сахнадан кеткен саясат тұсында кенжелеп қалған, дұрысында, әдейі пәсейтілген рухты озық саналатын рухпен теңестіруге жегілмек басылымды қолдау парыз емес пе... Өкініштісі сол, ескі саясаттың салқыны кетіп біткен жоқ, көзі ашықтардың өздерінің көбі қазақша оқымайды, осы ахуалды өзгерту үшін де септесер азаматтық көрсетуді тілеп кегенім ғой...

Жүрекжарды сөзімді арнап тұрған бастық-қызым көз алдымда мұздап қоя берді. Ел оқымаса – ондай газет-журналды шығарып керегі не, жабу керек деді. Қазір елдің бәрі сауатты, орысша оқи алады...

Мәс-саған, безгелдек! Енді қайттім?! Қолды шалт сілтеп кетіп қалсам ба екен? Бірақ одан не табам?

Намысымды ауыздықтаймын. Ойым шарқ ұрып, мына көркем де берік қамал-қыздың қорған-пайымын тағы қайтіп, қандай әдіспен шабуылдаудың жолын іздестірем. Тапқандаймын. Таптым! Тым болмаса осы жолмен қаржы бөлсе... Тамағымды кенеп алып, жаңа заманға сай келетін өркениетті тәсіл хақында сөйлеймін: менің осынау жаңа журналыма фирма өзінің жарнамалық материалын беріп те қолдаушылық көрсете алар еді.

Тал шыбықтай қаздыып отырған көркем қыздың жіңішке қасы бір керіліп қайтты. Жарнама? Біз жарнама жариялау үшін орыс тілді басылымдарды қалаймыз,

өйткені олардың оқырманы көп. Ықтимал әріптестеріміз бен тұтынушыларымыздың бәрі орысша оқиды. Біздің де потенциалды оқушыларымыздың қатары мол дей ме? Е, онысы әзірге жорамал ғана ғой. Алдымен сонысының шындыққа айналғанын көрсетсін...

Тағы бір мәрте рабайсыз әрекет жасаймын. Менің жәрдем сұрауымның мәнісі де сол – беделді фирма ертеңгілік жобамды ақиқатқа айналдыруға қолұшын берсе деген тілек қой... Бірақ сүзгі-орында отырған нәзік бойжеткен мұқият тыңдағандай-ақ көрінгенмен, жалынышты үнімді естімейді. Құдды бесаспап роботтың жетілдірілген соңғы буыны... Үміттендіріп те қояды: кейін, таралымыңыз өсіп жатса – сізге де жарнама берерміз. Сосын кесімді сөз айтады. Ал қазіргі таңда фирма сіздің ешкім білмейтін журналыңызға еш көмек жасай алмайды. Одан жалыққанын да жасырмайды: бос әңгімені енді тоқтату ләзім.

Алайда бұл мен үшін бос әңгіме емес. Шешінген судан тайынбайды деген... Бірақ қайтадан болат қалқанға тірелем. Президенттің өзімен сөйлесем? Жаңа естіген жоқсыз ба, ол кісінің қолы тимейді. Алдында ешкім жоқ қой, бір ауыз тілдесіп шықсам... Болмайды. Мәселесінің бұл мекемеде шешілмейтінін білетіндіктен, референт-хатшы үзілді-кесілді осылай деп, президентке кіруіне қарсы болып отыр. Түсінсін. Ойпырмай, неткен қазымыр едіңіз... Егер өзіңізге фирма жұмысын үйлестіруші қызметкердің осынша уақытын бөліп, шыдамдылықпен жасаған білікті түсіндірмесіне қанағаттанбасаңыз, жарайды, фирманың бас экономисімен сөйлесіп көріңіз...

Сол ұсынысына риза болуға тура келді.

Референт-хатшы қыз телефонмен фирманың бас экономисін іздестіре бастады.

Көңілім құлазып, жаңа қоғам құрмақ жаңа ұрпақ өкілдерінің бар ақыл-ойымды сарп етіп жасаған игілікті жоспарымды оп-оңай быт-шыт қылғанын шарасыздана пайымдадым. Шарасызданған ойға беріліп, телефонмен сөйлесіп отырған мына іскер де әсем, бірақ соншалықты

суық хатшы қыздың алдында мүсәпір қалыпта сүмірейдім де тұрдым.

Бір кезде оның трубкаға менің шаруам жайында айтып жатқан сөздері санама жете бастады. Өзінің жағдайды егжей-тегжейлі түсіндіргеніне бұл келуші тіпті де қанағаттанар емес. Болымсыз, перспективасыз шаруасына бола президентке сұранады, сондықтан алдымен сізге жолықса деп ойлаған еді... Алайда ол да қазір қабылдай алмайтын сияқты...

– ...бүгін келмейсіз бе? ...Ертең қай кезде соқсын? ...Кім екен дейсіз бе?

Хатшы қыз телефоннан құлағын алмаған калпы, көзінің қиығымен маған қарады:

– Аты-жөніңіз?

Мен атадым, ол естігенін трубкаға қайталады.

– Күте тұрсын дейсіз бе? – Қасын дөңгеленте керді. – Қазір соғасыз ба? Айтайын. Жақсы.

Мен қызға сұраулы жүзімді тостым. Ол трубканы орнына қойды да, маған қарап жымыды. Суық жүзі жылып қоя берді.

Тап қазір есік алдына, көше жиегіне шыға беруіме болады. Жолығуға тиіс кісім бара жатқан жағынан маған бола кері оралып келеді. Ала кетпек. Шамасы, тілегімді жолшыбай тыңдар...

Сүзгі-орындағы лауазымын мінсіз атқарып отырған қатал кескінді көркем қаршадай қызға сыпайы бас иіп алғысымда айттым да, түсініксіз көңіл-күймен тысқа беттедім.

Сыртқы есікті күзеткен ширақ қартпен бас изесіп қоштастым. Бейжай басып көшеге жиегіне келдім. Күтіп тұрмын. Ақыры, ағылып жатқан көліктер арасынан әлдебір сұр машина жүрісін баяулатып, шарбақ аузына бұрылды. Менің жаныма баяу жүзіп келіп тоқтай қалды. Кабинадан:

– Келіңіз! – деген дауыс шықты. – Отырыңыз!

Қарадым. Қарадым да, бірден есіме түсірдім. Машинаны айдап келе жатқан – бағана баспалдақ үстінде маған қарсы кездескен мен құралпы сұр костюмді жігіт екен. Сол қолымен

руль доңғалағынан ұстап, оң қолымен алдыңғы есікті созыла ашқан. Бауырмал үнмен ішке шақырып тұр.

Отырдым. Ескі таныстарша қол алысып амандастық. Ол қолымды ықыластана сілкіледі. Жүзінде бір іштартушылық бар. Қызық.

Машина ақырын сырғып жүріп кетті.

– Танымадыңыз білем, – деді жүргізушім рулін айналдыра беріп.

Мен үндемедім. Ол сөйлей бастады.

– Иә, табиғи-ақ жәйт... Қанша жыл өтті! Сіз содан бері мені көрген емессіз. Біз көлеңкеде келеміз емес пе. Ал сіз газет-журнал, теледидар арқылы көрініп, өзіңізді ұмыттырмайсыз.

Маған жүзін жымия бір бұрып қойды. Мен оған қадала қарадым.

– Айып етпеңіз, – дедім, – кешіңіз бұл кешені...

Ол менің сөзімді үзіп жіберді:

– О не дегеніңіз! Мен сізге ешқандай кінә арта алмаймын. Қалай ғана мен сіздің есіңізде қалмақпын?

– Әйтсе де біз, дегенмен, – қысыла күрсіндім, – әлдебір ретте танысқан болсақ керек...

– Мұныңыз рас. – Ол жолдан көз айырмай, басын изеді.

– Жас кезімде мен комсомолда істеген едім, ал сіз комсомол газетінің тілшісі болатынсыз...

Санам шайдай ашылды. Еске түсірдім.

Көз алдыма зу етіп, оның кесімді түрде оқыс та оғаш сөздерді тұжыра айтып тұрған сәті елестеп кетті.

Ап-арық, өрімдей жас-тын ол кезде... Уақыт шіркінді қойсайшы.

Мен оның толысқан түр-түсіне тесіле қарадым. Отыз жыл, о тоба, содан бері бақандай отыз жыл өткен екен ғой...

Ол кезде комсомол қоғамның тыныс-тіршілігінде елеулі орын алатын. Партияның ізбасары, жас ұрпақты ұйытушы мәйек... осылар тектес биік эпитеттер сол шақта жиі айтылушы еді ғой.

Шынында, қандай ұран көтерілсе де, алғы шепке комсомол

жұмсалатын. Мен істейтін жастар басылымы қашаннан оның жаршысы әрі шежірешісі іспеттес-ті. Комсомол тұрмысын жазу біздің басты да жауапты міндеттеріміздің бірі санатынан-тын. Сол жолы мен тың көтеру жылдары ашылған көп кеңшардың (мемлекеттік ауылшаруашылық өндірісі ұжымының анықтамасы, «кенестік шаруашылық» деген тіркестің қысқартылып айтылған түрі, тоталитарлық дәуірде «совхоз» деп, тек орысшасы қолданылатын) біріне редакция тапсырмасына орай іссапармен барған-тұғынмын.

Кеңшардың егін орағына әзірлігін аралап көріп, жас механизаторлардың тыныс-тіршілігімен танысып жүргем. Сонда комсомол тарапынан келген өкілмен талай-ақ ұшырастым. Сондағы өкіл осы жігіт еді. Жергілікті жігіттермен бірге екеуіміз бөлімшелерде еңбек етіп жатқан жас диқандар арасына талай бірге бардық. Жұмыс істеп жатқан шақтарын көрдік, өндірістік мәжілістеріне, демалыс сағаттарындағы ойын-сауықтарына қатыстық. Бірақ, қазір ойлап келем, ол менің жадымда мүлдем басқа жағдайға орай сақталыпты...

Көкжиекпентұтасажайқалған астықты алқап ортасындағы кішкене арал іспетті дала қосына келгенімізге бірнеше сағат болған. Бүгін-ертең ораққа шықпақ комбайндар сапына жөндеуден өткізілген соңғы дала кемесінің ырғатылып барып қосылғанын көрдік. Шабуыл сағаты туғанша дамылдай тұрмақ үшін шалғысын жерге түсіргеніне куә болдық. Көңіл-күйлері көтеріңкі механизаторлармен біраз сөйлестік.

Сосын жөндеу алаңшасынан таяқ тастам әрідегі кешенге беттедік. Шиферлі ұзын бастырмамен жалғасқан қос үй. Бергісіне – қызыл бұрыш пен жатақхана, арғысына – асхана жайғасқан. Бізді қос иелері арғысына бастады. Онда бәрімізді диқан қосының дастархан мәзірі тосып тұр екен.

Тақала бергенімізде алжапқышты бір әйел қолжуғыштар басына ақ шытыр орамалдар іліп кетті. Қол жуып, бастырма астына өттік. Ұзын үстелдің асүйге тақау ұшына жиналдык. Шашына қырау түскен мосқал кісі төрге жайғасты. Қасындағы кеңшар мамандары, бөлімше басшылары мен

комбайншылар айнала отырып жатты. Жастар жағының ошарылып қалғанын аңғарып, төрдегі кісі:

– Балалар, келіндер, – деп, бізді үстелге шақырды.

Ол осы кеңшардағы жұмысшылар комитетінің төрағасы еді. Бірден жағдайымызды сұрауға кірісті.

– Сендердің шаруаларың қалай, азаматтар, оңғарылды ма? Қайрат, меймандарыңа жағдай жасай алдың ба? Байка, шаршатып қойма...

Қайрат – бізді бастап жүрген жігіт, кеңшар комсомол ұйымының хатшысы. Еркін, ойнақы үнмен:

– О не дегеніңіз, Кенжебай аға, мына отырған ағаларымыздың арқасында ешнәрседен таршылық көрген жоқпыз, – деп жауап берді де, бізді үстел басына қарай икемдеді.

Отырған соң мен де, комсомолдың алматылық өкілі де там-тұмдап, көрген-білгеніміз бен алған әсерімізді әңгімеледік. Бізді сөзге жетектей отырып, Кенжекеңнің өзі шаруашылықтың жай-күйін талдап айтып берді.

Бір уақта әңгіме арнасы күрт өзгеріп сала бергенін сездік. Алжапқышты әйел алдымызға қасық, шанышқыларын жағалай қойып бара жатқан еді. Кенжекең айналасына қарағыштай қозғалақтап:

– Айтпақшы, азаматтар, осы қоста жылда істейтін аспаз келіншектің биыл жоқтығын байқадыңыздар ма? – деп қалды.

Бір сәт бәрі тыншып, тіс жармады. Сосын таңырқаған дауыстар шыға бастады.

– Басқа жакка ауысып кеткен деңіз? Апырай, күні кеше сияқты еді – тұқым себу кезінде қолынан дәм татқанбыз...

– Ой-бо-о-й, келісті келіншек еді ғой!

– Иә, дикандар тамақтануға бас қосқанда оның көркіне қарап бір жасап қалағын...

– Қайда жібердіңіздер?

– Неге?

Кенжекең күміс шалған самай шашын бір сипап, жөткірінді. Мәселенің мән-жәйін бәрі болмаса да, көпшілігінің білмейтіні анық-тын. Бұған ол шүбәланбайды.

Әрі, алыстан келген біз секілді қонақтардың одан мүлдем бейхабар екендігі белгілі...

Ол бізге күлімсірей көз тастады.

Мүлдем бейхабар екеніміз рас. Біз секілді алматылық пақырлар үшін бұл бір беймәлім әңгіме-тін. Әлдеқандай аспаздың жеке басының оқиғасы бізді қызықтыра қояр деп ойламағандығынан да шығар, бізді қарсы алып, бірнеше күннен біздің бері қасымызда, іссапарлық мақсатымыздың орындалуына мүмкіндік жасап жүрген Қайрат та ол жөнінде ештеңе айтпаған. Тиісінше бұл осы сәтке шейін біз еш әуестік танытпаған тақырып. Алматыдан келген екеуіміз де сыпайыгершілікпен жымыдық та қойдық.

Кенжебай ағамыз сұқ саусағын шошайтты.

Ендеше мұны осында отырғандардың баршасы білсін. Өйткені онда өте маңызды имандық мәселе бар. Ал бұл алматылық жас меймандарға да қызық болуға керек. Ас келгенше еске түсіре отыралық... Бұл өзі, мәселенің турасын айтқанда, тек қазіргі жастардан ғана шығатын, әзірге өте сирек кездесетін оғаш, түсініксіз жәйт...

Өте маңызды имандық мәселе деді... Жастардан ғана шығатын жәйт деді... Сирек кездесетін оқиға деді... Оғаш деді, түсініксіз деді...

Қызықтырарлық, еліткіш жем сәтімен тасталды. қармақ қапты... Бәріміз жұмысшы комитеті төрағасының лауазымын алып жүрген Кенжебай ағамыздың аузына қарадық...

Кенжебай бұл кеңшар тіршілігіне сонау алғаш құрылған шағынан бастап араласты емес пе...

Шартараптан лек-лек ағылып келіп осында талай тың игеруші деп аталатын жұрт қоныстанған. Біраз уақыт жер жырттып, егін егіп, астыққа орақ салып, талайы қонданып алған. Одан соң көп ұзамай, осынау ел әспеттеген «жаңа жерлерді бағындырушылардың» алды бір-екі жылда сетінен, кері жөнкілген.

Солардың бәрі оның көз алдында өтіп жатты ғой. Иә. Кенжекең қоғам аспанға көтерген тыңгерлер ортасында

баяғыдан бері маман ретінде қоян-қолтық қызмет істеп келе жатқан. Онысы өз алдына, былтырдан бастап жұмысшы комитетін басқаруда. Сондықтан да ғой осындағы аспаз келіншектің тарихын тәп-тәуір білгені...

Бұл әйел кеңшарға осыдан үш-төрт жыл ілгеріде көшіп келген-ді. Үлбіреген жас келіншек, түрі көздің жауын алады. Мінезі де ғажап – ашық-жарқын, бауырмал, жүзінен бір асқан тартымды ізеттілік нұры ұшқындап тұрған жан...

Кеңшар асханасына аспаз боп орналасты. Науқан сайын осы қоста істейтін. Күйеуі бір момын адам болатын, машина-трактор шеберханасында ұсталық құрып, тып-тыныш, өзімен өзі, міндетін адал орындап жүріп жататын кісі еді. Екеуінің үш баласы бар екен. Алды кәдімгідей есейіп қалған, алтыншы, яки жетінші класта оқиды. Кішілері де осы күзде мектепке ілігетін сынайлы-ды. Не керек, кеңшарға тату-тәтті тамаша шаңырақ қосылғандай-тын.

Шатақ аяқ астынан, осы көктемде бұрқ ете түсті. Түрі жас болғанмен, отыз төртке келген, үш балаға ана болып үлгерген әлгі сүйкімді аспаз келіншегіміз күйеуінен ажыраспақ көрінеді.

Партиялық-кеңестік стандарт дәуірі емес пе, ал Кенжекен – оның сол шақтағы адал солдаты. Әрі парткомның берген бағдары бар... Не керек, мұндай шетін оқиғаны шұғыл талқыға салып жіберу керек-тұғын. Бірақ аспаз әйел не комсомолда, не партияда жоқ боп шықты. Комсомолдан жасы өткен, ал партияға кірмеген көрінеді. Сол себепті мәселені кәсіподақ қолға алды.

Кәсіподақ комитетіндегілер бұған арнайы тексеру жүргізуді мақұл көрді. Кенжебай да осынау оғаш оқиғаға өзге әріптестерімен бірге көп уақытын бөлді. Шаңырағы құлағалы тұрған отбасының ересек мүшелерімен де, ұйыған отбасын сондай апатқа ұшырауға мәжбүр еткен себепкермен де жеке тілдесті. Сосын, жұмысшы комитеті құрған комиссияның пікірін тындай келе, оларды комитет отырысының арнайы талқылауына шақыруды хош көрді.

Сонымен, жұмысшы комитеті мәжіліске бас қосты.

Комиссия бастығының қысқаша хабарламасынан сон, аспаздың өзін тыңдау керек деп шешісті.

Аспаз келіншек бәрін әлдеқашан жан-жақты ойластырып алған болса керек, жүзі сәл алабұртқанмен, қысылып-қымтырылмай, аспай-саспай сөйлейді. Өзінің бала емес екенін, әр қадамын ойлап басатын жасқа әлдеқашан жеткенін, сол себепті, бұл шешіміне саналы түрде барғанын айтады.

Комитет мүшелерінің бірі, кеңшар экономисі болып істейтін интеллигент кескінді егде әйел дауысын шошына көтеріп:

– Сіздің үш балаңыз бар ғой! – дейді.

Келіншек көзі дөңгеленіп, басын изейді. Сонда комитет мүшесі мұның сол шиеттей өскіндерді ұмытуының жөн еместігін айтып, ұялтпақ болады.

– Сіз олардың тағдырын ойладыңыз ба? – деп, шын қинала сұрайды. – Айтыңызшы, анасы тастап кеткен балалардың күні не болмақ?!

Кенжебайдың қайран қалғаны – анау жанына тигізе-ақ айтқандай еді, әйткенмен аспаз келіншек селт етпеді.

– Мен оларды ешқашан ұмытпаймын, – деді жайбарақат үнмен.

Жұмысшы комитетінің арнайы комиссиясы құрамында мән-жаймен тәп-тәуір-ақ танысқан тағы бір кісі ақырын күрсінді:

– Ешқашан ұмытпауыңыз оларға азық бола қояр ма екен...

Аспаз әйел іле-шала ширақ тіл қатты:

– Мен алимент төлеп тұруға бармын.

Комитет мүшелері тіксініп, іштей жағаларын ұстады. Зайыбы еріне балалары үшін алимент төлемек. О тоба, бұл не сұмдық? Егде қызметкер әйел енді «сенге» көшіп, таусыла тіл қатты:

– Қалқам-ау, сенің азын-аулақ тиын-тебенің ішінді жарып шыққан өз қаныңа ешқашан жан азығы бола алмайтынын ойламағаның ба?! Ол сенің сәбилеріңе аналық қамқор қолың мен мейірінді алмастыра алмайды ғой!

Келіншек сәл күрсінгендей болды:

– Оныңыз рас.

Ахлақ күзетшісі сынды кейіппен сөйлеп отырған кәсіподақшы әйел іші ашыған, кобалжулы үнмен тағы бір мәрте:

– Ендеше не болды саған?.. – деді, беті бері қарар ма екен дегендей сарынмен сұрады. – Ойланбаймысың?

Өзіне үміттеніп көз тіккен экономист әйелге келіншек ә дегенде тік қараған еді, іле жанарын тайдырып әкетті. Сосын төмен қарап, сыбыр етті:

– Мен оларға өмір-бақи қарыздармын...

Дауысы баяу, дірілдеп шықты. Кабинет іші бір сәт тым-тырыс боп қалды. Кенжебай алқымына тығылған толқыныс түйінін әрең жұтып, үнсіздікті бұзды.

– Айтыңызшы, сіз күйеуіңізден зәбір көрдіңіз бе?

– Жоқ, ол мені әрдайым сыйлайтын, – деп келіншек жадырай жауап берді.

– Ал, өзіңіз ше?

– Мен де оны құрметтеймін. – Келіншек сәл-пәл мүдіріп, бәсең үнмен: – Қазір оның алдында өзімді кінәлі сезінемін, – деп косты.

Кенжебай қасындағыларға қарады. Байқайды, бәрі айран-асыр.

– Демек...

Ол келіншекке жүзін бұрып, тергеу билігін өз қолына алғанын сездіргендей, жеткірінді. Сосын:

– Демек, араларыңызда ешқандай ұрыс-керіс болған емес қой? – деп нақтылай сұрады.

– Құдай сақтасын!

– Қалай? Екеуіңіз ешбір жүз жыртыспастан?..

– Біз әрқашан тату болдық!

Кенжебай бір сәт тосылып қалды. Ал ендеше! Онда ажырасуға не себеп? Комитетшілердің көкейіне де осы сауал оралғанына күмән жоқ.

Шынтуайтқа келгенде, мұның жауабын Кенжебай да, басқалар да біледі.

Сыры белгілі бұл сұлудың. Тек, қылығының шын дәйегін өзі қалай, қайтіп, қандай сөздермен жеткізер екен?